

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахстанской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каринова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Мурадова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгиль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж., «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет

The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

II

**ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ
МАҚСАТЫНДАҒЫ МЕНТАЛДЫ
ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-
АУҚАТ**

**МЕНТАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ И
ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ
В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ
ОБЩЕСТВА**

**MENTAL HEALTH AND PSYCHOLOGICAL
WELL-BEING FOR THE SUSTAINABLE
DEVELOPMENT OF SOCIETY**

АДАМНЫҢ ТАМАҚТАНУ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

АЙТЫШЕВА А.М.

Пс.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

aigul_mukatay@mail.ru

АСЫЛАНБЕКОВА Н.

Студент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Аңдатпа. Авторлар адамның тамақтану мінез-құлығы тұтас кешен екендігіне мән бере отырып, тамақтану процесіне, арық және артық салмақты адамдар туралы көзқарастарға (ойлар, сенімдер), тағамға және оны қабылдауға эмоционалды қатынас мәселелеріне, күнделікті жағдайларда және стресстік жағдайларда тамақтану мінез-құлығындағы (тамақтану стереотиптері) өзгерістерге, адамның өз денесінің бейнесіне қатынасы мен осы бейнені қалыптастыру белсенділігіне қатысты мәселелерді талдайды. Осы мәселелердің туындау себептерін отбасында қалыптасатын жағдайлармен байланыстырады.

Түйінді сөздер: Тамақтану мінез-құлқы, тамақтануға көзқарас, тамақтану бұзылыстары, отбасылық миф.

Қазіргі таңда жастардың тамақтану мінез-құлқы мәселелері, тамақтану бұзылыстарының қалыптасуы психологиялық тұрғыда маңызды тақырыптардың біріне айналды. Зерттеушілер әсіресе 30 жасқа дейінгі жастар ерекше тәуекел тобын құрайтынын айтады. Бұл мәселені зерттеу қажеттілігі осыған байланысты арта түседі.

Тамақтану бұл барлық тіршілік иелерінің негізгі өмірлік қажеттіліктерінің бірі ол ішкі гомеостазды сақтауға бағытталған. Тамақтану мінез-құлқы тағамға және оны қабылдауға деген құндылық қатынасы, күнделікті жағдайдағы және стресс жағдайларындағы тамақтану стереотипі, өз денесінің бейнесіне бағытталған мінез-құлық және осы бейнені қалыптастыру әрекеті ретінде түсініледі. Тамақтану мінез-құлқы қалыпты тамақтану үлгілері және эпизодтық тамақтану бұзылыстары және патологиялық тамақтану бұзылыстарынан тұрады [1]. Патологиялық бұзылыстар психотерапиялық емдеулерді қажет етеді.

Тамақтану мінез-құлқының қалыптасуы туылған кезден басталып, өмір бойы жалғасатын күрделі динамикалық процесс [2]. Тамақтанатын тағамның мөлшері, тамақтану процесіне байланысты ырым-тыйымдар әр адамға болады олар түрлі факторлармен байланысты, олар: отбасылық дәстүрлер, діни нанымдар, өмір тәжірибесі, қоғамдағы тамаққа байланысты стереотиптердің әсері және т.б [3]. Тамақтану мінез-құлқы баланың туылғанынан бастап отбасы мен елеулі ересектер мен қоршаған ортаның әсерінен өзгере бастайды. Емізу ана мен бала арасындағы байланысты нығайтады. Дәл осы байланыс кейіннен балаға қауіпсіздік және қоршаған ортаға деген сенім сезімін береді. Бала «өзін жақсы көретінін» емізу процесінің арқасында түсінеді [4].

Психоаналитиктердің айтуынша, алғашқы он сегіз айда баланың барлық тілектері толығымен ананың кеудесіне шоғырланған, ол қанағаттанарлық объект ретінде есептеледі [5]. Баланың тәжірибесіндегі бақыт және қауіпсіздік сезімдері тоқтық сезімімен өзара байланысты болады. Кейіннен ересек адам үшін тоқтық сезімі қауіпсіз болумен тең болады, ал тамақтануға деген құлшынысын қанағаттандыру бейсаналық түрде қорқыныш пен қобалжу жағдайының төмендеуіне ықпал етеді [6].

Дұрыс тамақтану мінез-құлқы ананың балаға деген сөзсіз қолдау көрсетуімен байланысты, ол әсіресе ананың баладағы тамақтануға деген қажеттілігін сезінуден қалыптасады. Егер анасы балаға деген махаббатын көрсете алмаса, емізу процессіне немқұрайлық танытса сәбиде қанағаттанбаушылық сезімі пайда болады. Тамақтану мінез-құлқының бұзылуы анасы жылаудың алғашқы белгілерінде баланы дереу тамақтандыруға кірісу нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде нәресте тамақтануды жайлылық, сүйіспеншілік, махаббатқа қол жеткізу құралы ретінде пайдаланады. Бұл болашақта ересек адам артық тамақтануды әртүрлі қауіптерден қорғайтын және әртүрлі кедергілерді жеңуге көмектесетін механизм ретінде пайдалануы мүмкін.

Нәрестелік шақтағы тамаққа бейімсіз көзқарастардың қалыптасуының тағы бір факторы ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың кедейленуі. Бұл ананың эмоционалды қарым-қатынасқа зиянын тигізіп, тамақтануға шамадан тыс көңіл бөлетін жағдайда болады, нәтижесінде тамақ олардың арасындағы қарым-қатынастың жалғыз құралы болады. Баланың тамақтану мінез-құлқының қалыптастыруы өмірдің алғашқы үш жылында ерекше орын алады, өйткені оларда қоршаған әлемге деген негізгі сенім қалыптасады, тәуелсіз қасиеттерді дамытады, ата-анасынан белгілі бір «эмоциялық алшақтыққа» яғни, автономияға ие болады [7]. Енді ол азық-түліктің қажетті мөлшерін, тамақтанудың ең қолайлы уақытын өз бетінше анықтай алады, оның тамақ таңдауға бейімділігі қалыптасады және т.б. Егер бұл кезеңде балаларға тамақтану процесінде таңдау еркіндігі болмаса, тамақтану мінез-құлықтарында өзгешеліктер пайда болады. Осылайша, баладағы адекватты тамақтану стратегияларының қалыптасуы ана мен бала арасындағы эмоциялық қарым-қатынаспен, оған өзінің физиологиялық қажеттіліктерін реттеуге еркіндік беруімен және баланы сөзсіз қабылдауымен тікелей байланысты.

Баладағы тамақтану мінез-құлқы отбасындағы тәрбие ерекшеліктеріне де байланысты. Тамақтану мінез-құлқының қалыптасуына ата-ананың ықпалы зор, ата-ананың өздерінің тамақтануға деген көзқарасын балаға беру арқылы жүзеге асады [8]. Осылайша, тұлғадағы тамақтану мінез-құлқының қалыптасуы ең алымен отбасында, әсіресе анасымен қарым-қатынаста баланың тамақтану мінез-құлқының ерекше үлгілерін үйренуінде көрінеді. Мысалы, анасы тамақтануға қатысты авторитарлық позицияны ұстанады және бала тәрелкедегі барлық нәрсені жеу керек деп санайды («таза тәрелке» принципі) [9]. Бұл жағдай баланың тағамды қабылдауды тоқтату тоқтық сезімі пайда болуына емес, тағамның берілген мөлшеріне байланысты болады. Бұл

тамақтандыру үлгісі баланың аштық пен тоқтықты ажыратуды үйренбеуіне әкеледі. Бала ішкі сигналдарға емес, ол жеуі керек тағам мөлшеріне назар аударып бастайды. Соның салдарынан тамақтану бұзылыстары пайда болуы мүмкін. Мысал ретінде, бір зерттеуде ата-аналардың тамақтану көзқарастары балаларының тамақ таңдауына байланысты екені анықталды.

Ата-аналардың «неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жақсы» ұстанымы балалардың тамақтану мінез-құлқына теріс әсер ететіні және баланың дене салмағының өсуіне әкелетіндігі анықталды. «Таза тәрелке» позициясын ұстанатын ата-аналар балалары қажетті тағам мөлшерін өз бетінше анықтай алмайды және энергия балансын реттей алмайды деп санайды. Алайда, бірқатар зерттеулер көрсеткендей, екі жастағы балалар күнделікті тамақтануды реттей алады және қажетті мөлшердегі бөліктерді анықтай алады. Егер ата-анасын баладағы кез-келген дискомфортты тамақпен алмастыру моделін ұстанатын болса, мысалы, бала қатты жылаған кезде анасы дәмді тағам ұсынуы. Бұл жағдайда тамақтану мінез – құлқы қосымша функцияға жағымсыз тәжірибелер мен физикалық ауырсынудан құтылу стратегиясына айналады. Бұл болашақта адамның кез-келген стресстік жағдайда артық тамақ жеу механизмін қолдануға әкеледі. Бұл семіздіктің, булимия неврозының, компульсивті тамақтану эпизодтарының дамуына әкелуі мүмкін.

Кейбір жағдайда ата-ананың тамақпен манипуляция жасауы мысал ретінде, егер сен тамақтың бәрін жемесең, ауырып қаласың немесе т.б қолдануы, баланың болашақта тамақтануды өз мақсаттары үшін пайдалануына әкелуі мүмкін. Бала егер мен тамақты тауысып жейтін болсам, олар маған ойыншық әпереді немесе менің айтқанымды орындайды деп ойлауы мүмкін. Әрі қарай, жасөспірім кезіндегі наразылық аштық жариялау мақсатынан тәуелсіз мотивке айналуы мүмкін, нәтижесінде шектеулі тамақтану мінез-құлқының даму қаупі артады. Дегенмен, балалар ата-аналардың жақсы тамақтану әдеттерін ғана емес, сонымен қатар тағамға көзқарасын, олардың фигурасын, салмағын және т.б. теріс көзқарастарын қайталауы мүмкін. Бірқатар жұмыстарда ана мен қыздың салмаққа қатысты мазасыздығы арасында байланыс бар екендігі анықталды, ал ананың шектеулі тамақтану тәртібі қыздардағы диетаны ұстанумен тығыз байланысы анықталды. Аналардың шектеулі тамақтану тәртібі олардың балаларында, әсіресе қыздарына қатысты шамадан тыс тамақтануды тудыруы мүмкін. Ата-аналардың тағамдарды шектеуі балада «жақсы тамақ» немесе «жаман тамақ» деген секілді көзқарастарының қалыптасуына әкеледі.

Дихотомиялық ойлау, өз кезегінде, бейімделмеген тамақтану сенімдерінің пайда болу қаупін арттырады. Әр отбасында баланың санадан тыс деңгейде қабылдайтын және болашақта құтыла алмайтын тамақтану әдеттері бар. Бұл отбасылық түсініктер негізінде қалыптасады. Бұл дегеніміз, әр отбасында қалыпты болып есептелетін кейбір әдеттер, болашақта балада тамақтану бұзылыстарының себебіне айналуы мүмкін.

Ата-аналардың баланың қажеттіліктерін ескермейтін тағамға қатысты авторитарлық ұстанымы шамадан тыс тамақтануға, баланың артық салмағына, тамақтан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, мұндай стратегия ата-ана балаларының зиянды тағамдарды жеу ықтималдығын арттыруы мүмкін. Мысалы, Р.Браун және Дж. Огден 9-13 жас аралығындағы 112 жұп ата-аналар мен олардың балаларының тамақтану әдеттері мен мінез-құлқын қалыптастыруды зерттеген. Авторлар ата-аналар тамақты бақылау ретінде пайдаланған жұптарда балалар «зиянды» тағамдарды едәуір көп жейтінін, ата-аналар мен балалардың денеге қанағаттанбауының жоғары деңгейін байқаған [8]. Людеккер Дж.А. және Грило К. М. зерттеуінде тамақтанудың бұзылуы бар ата-аналар балалардың тамақтануына үлкен жауапкершілікті сезінетінін және семіздік немесе қалыпты салмақ белгілері бар ата-аналарға қарағанда баланың дене салмағына көбірек алаңдайтынын көрсетті. Сондай-ақ, тамақтануы бұзылған ата-аналар артық немесе қалыпты дене салмағы бар ата-аналарға қарағанда балаларының тамақтануында көбірек бұзылуларды байқады. Бұл деректер балалардағы тамақтану бұзылыстарын емдеу кезінде ата-аналарының тамақтануының бұзылуы сияқты факторды ескеру қажет екенін көрсетеді [10]. Яғни, ата-аналардың әсерінен балаларда тамақтануға тым көп бақылау жасауы, олардағы тамақтану мінез-құлқының өзгерістеріне алып келеді.

Отбасылық мифтер тамақтану мінез-құлқының бұзылыстарының қалыптасуына әсер етеді. Мысалы, компульсивті артық тамақтануға бейім адамдардың отбасыларында кездесетін «біз тату отбасымыз» мифі отбасында қарым-қатынасты нақты нақтылау, жағымсыз сезімдерді көрсету қабылданбайтындығымен сипатталады. Реніш, ашу, көңілсіздік, еленбейді. Ұрпақтар арқылы отбасынан тыс әлем дұшпандық деген сенім беріледі. Махаббат пен сексуалдық тақырыптарға тыйым салынады. Мұндай отбасыларда өскен балалар отбасында «махаббат үлгісін» көрмеген, ата-аналық сүйіспеншілікті өздері қалайтын дәрежеде алмаған, ананың назары мен жылуы жоқ деп айтуы мүмкін. Ересек жаста мұндай адамдар оларды қанағаттандыратын тұлғааралық қатынастарды құруда қиындықтарға тап болады. Мұндай отбасыларда «тамақ зорлық-зомбылығы» жиі кездеседі, ата-аналар балаларын мәжбүрлі түрде тамақтандырады, ал балалар белгілі бір тағамға деген жиіркенішті жеңе отырып, тамақтануға мәжбүр болады. Осыдан кейін ата-анасынан мақтау ала алады [11]. Осылайша, болашақта осы отбасылық миф балада махаббаттың жетіспеушілігін тамақтану арқылы өтеу стратегиясының болуына, эмоциялық қолдауды қажет ететін сәттерде артық тамақтануына әкеледі.

Қорытындылай келе, адамның тамақтану мінез-құлқының қалыптасуына отбасының әсері маңызды болып табылады. Қалыпты отбасылық орта, эмоциялық қолдау және салауатты әдеттердің қалыптасуы баланың дұрыс тамақтану мінез-құлқын дамытуға ықпал етеді. Ал теріс факторлар, керісінше, тамақтану бұзылыстарның пайда болу қаупін арттыруы мүмкін. Сондықтан ата-аналармен баладағы тамақтану бұзылыстарының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дурнева М.Ю. Формирование отношения к телу и пищевого поведения у девушек подросткового и юношеского возраста. Дисс..канд. психол. наук. М., 2014. 175 с.
2. Eliassen E. The Impact of Teachers and Families on Young Children's Eating Behavior // *Young Children*. 2011. P. 84-89.
3. Determinants of children's eating behavior // Scaglioni S. [et al.] // *American Journal of Clinical Nutrition*. 2011. Supl. 94. P. 2006-2011.
4. Захарова И.Н., Дмитриева Ю.А., Гордеева Е.А. От чего зависит формирование вкусовых предпочтений у младенцев // *Вопросы современной педиатрии*. 2012. Сер. 11. № 6. С. 69-74.
5. Соколова Е.Т. Психотерапия: Теория и практика. Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. М. 2002. 368 С.
6. Фрэнкин Р. Мотивация поведения: биологические, когнитивные и социальные аспекты. СПб.: Питер. 2003. 651 С.
7. Hui Liu Y., Stein M. Feeding Behavior of Infants and Young Children and Its Impact on Child Psychosocial and Emotional Development // *Encyclopedia on Early Childhood Development*. Ссылка URL: <http://www.child-encyclopedia.com/childnutrition/according-experts/feeding-behaviour-infants-and-young-children-and-itsimpact-child>.
8. Children's eating behavior, feeding practices of parents and weight problems in early childhood: results from the population-based Generation R Study // Jansen P. [et al.] // Jansen et al. *International Journal of Behavioral Nutrition and Physical Activity*. 2012. V. 9. № 130. URL: <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3543222>
9. Birch L., Savage J., Ventura A. Influences on the Development of Children's Eating Behaviors: From Infancy to Adolescence // *Canadian Journal Diet Practices Research*. 2007. V. 68. № 1. P. 1-56.
10. Lydecker J., Grilo C. Children of parents with BED have more eating behavior disturbance than children of parents with obesity or healthy weight // *International Journal of Eating Disorders*. 2017. Vol. 50. № 6. P. 648—656. DOI:10.1002/eat.22648
11. Жедунова Л. Г., Васильева Е. А., Посысов Н. Н. Роль семьи в формировании нарушений пищевого поведения по типу компульсивного переедания // *Вестник ЯрГУ. Серия Гуманитарные науки*. – 2019. – №. 3. – С. 82-85.

УДК 159.923

ВЛИЯНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ ХАРАКТЕРИСТИК НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛУДОМАНИИ, КАК ФОРМЫ ИГРОВОЙ ЗАВИСИМОСТИ

БАЯЗИТОВ НУРСУЛТАН БЕКЗАТОВИЧ

Докторант 1 курса ОП 8D03103 – «Психология»

Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева

nursultan.bayazitov@gmail.com

Научный руководитель — Нурадинов А.С.

Канд.психол.наук, доцент

Аннотация. В статье рассматривается влияние личностных характеристик на формирование лудомании, как формы игровой зависимости. Анализируются современные теоретические и эмпирические подходы к пониманию лудомании,